



175 ЖЫЛ

Абай Құнанбайұлының
мерейтойы

Абай мерейтойы қалай аталып өтеді?

Хакім Абайдың 175 жылдық мерейтойын жалпыхалықтық деңгейде ұйымдастыру және мазмұндық деңгейде атап өту бойынша әзірлік жұмыстары жан-жақты пысықталуда.

Ая ӨМІРТАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Орталық коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған іс-шаралар туралы баспасөз конференциясында мерейтой қарсаңындағы бағдарламалар реті хабарланды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша, бытыр 30 қазан күні Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның хаттамасымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпы республикалық жоспары бекітілген болатын. 82 тармақты қамтитын жоспар ірі халықаралық, республикалық және облыстық қоғамдық маңызды бар 500-ден астам іс-шараларды қамтиды.

– Биыл – ерекше айтулы жыл. Елдігіміз мен руханиятымыз үшін аса маңызды, мемлекеттік ғана емес халықаралық деңгейде жауапкершілігі зор міндет көзделіп отыр. Ол ұлттымыздың ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын атап өтуіміз болмақ. Абай есімі, Абай мұрасы, Абайдың өмір жолы мен өнегесі әр қазақ үшін қадірлі, қасиетті. «Қалың елім, қазағым, қайран

жұртым...» деп, халқының қамын қара басының қадірінен жоғары қойып өткен ақынға деген ықылас зор, құрмет те шексіз. Жоспардың 4-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары және облыстардың әкімдіктері мерекелеудің өңірлік жоспарлары әзірленді, – деген Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов идеялық мазмұнды іс-шараларға негізделген бірқатар жоспармен таныстырды. Вице-министрдің айтуынша, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың және Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың қатысуымен ұлы Абай мерейтойының ресми салтанатты ашылу рәсіміне арналған концерт өткізіледі. Ал ең маңызды жобалардың бірі – Абай шығармалары 10 шет тіліне (француз, ағылшын, орыс, араб, испан, қытай және түрік, жапон, неміс, италия тілдері) аударылып, сондай-ақ 3 мың дана таралыммен басып шығарылмақ.

– Аударма мәселесіне келгенде үлкен ыждағаттылықпен қарау керек. Осыған дейінгі тәжірибесі ескеріле келе, бұл жұмыстармен Ұлттық аударма бюросы шұғылданып жатыр, – дейді вице-министр.

Одан кейінгі ірі жоба – Абайдың

өмірі, шығармашылығы, мұрасы және қазақ мәдениетін дамытудағы рөлі туралы үш қойылымдық-деректі фильм түсіру. Қазіргі уақытта Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының 2019 жылдың 30 қыркүйегі мен 31 қазан аралығындағы іріктеу конкурсына Абай туралы 3 деректі және 3 көркем фильм киножобалары келіп түскен. Келесі кезекте, аталған орталық қолданыстағы заңнамаға сәйкес, киножобаларды Сараптама кеңесінің қарауына шығаратын болады. «Деректі фильм – шығармашылық жұмыстың жемісі. Мен осы деректі фильмге абайтанушы ретінде қатысамын. Дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Киноөндіріс саласында, деректі фильм жанрымен жұмыс істеу бойынша белгілі бір деңгейде табысқа жеттік», дейді академик Ғарифолла Есім.

Мәдени-көпшілік іс-шаралар реті ақынның туған күніне орай тамыз айында туған жері Абай ауданында «Этно ауыл» кешенінің аумағында театрландырылған қойылымдармен, айтыспен, сирек кездесетін кітаптардың, мұражай экспонаттарының, қолданбалы өнер шеберлері бұйымдарының көрмесімен және спорттық жиындармен жалғаспақ. Семей қаласында «Абай мұрасы және әлемдік руханият» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізіледі. Конференцияға белгілі отандық және шетелдік абайтанушы ғалымдар, ғылыми-шығармашылық зиялы қауым өкілдері шақырылады.

Мерейтой аясында Абайдың

«Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығын музеефикацияландыру және ақын есімімен байланысты тарихи-мәдени мұра объектілеріне ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Барлық оқу орындарында Абайдың өлеңдерін және қара сөздерін мәнерлеп оқу және мазмұндау бойынша ашық сабақтар мен тақырыптық шығарма байқаулары өткізіледі. Республиканың барлық аймақтарында оқушылар үшін «Абай жеріне саяхат» атты Абай жерлеріне экскурсиялық турлар қарастырылған.

Жоғары оқу орындарында ғылыми конференциялар, Абай оқулары, симпозиумдар, поэтикалық және әдеби фестивальдар, поэзия кештері, Абай өлеңдерін үздік оқу, әндерін орындау және шығармашылығын білу бойынша семинарлар мен конкурстар жоспарлануда. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ жанынан «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты құрылды.

Әрбір қазақстандық Абайдың шығармалары бойынша жалпыұлттық диалогқа қатыса алады. Сонымен қатар мерейтой аясында барлық мәдениет және спорт ұйымында әдеби оқулар, тақырыптық іс-шаралар, ұлттық спорт түрлері бойынша спорттық жарыстар, шығармашылық кештер, фестивальдар, әскери бөлімдерде белгілі ақын-жазушылар, абайтанушы ғалымдардың қатысуымен салтанатты іс-шаралар қатары толассыз жалғаса бермек. Бүгінде мерейтойды ЮНЕСКО аясында

тойлау мәселелері қызу пысықталып, дайындық жұмыстары қарқынды басталуға кетті. «Абайдың 175 жылдық мерейтойына арналған шаралар Мәдениет және спорт министрлігінің 3 млрд теңге көлеміндегі жылдық жоспарланған қаржысы есебінен өтеді. Мысалы, Абай атындағы Опера және балет театры гастрольдік сапарларына бөлінген жыл сайынғы қаржыны Абай жылына арнап, Мәскеу, Түркия, Қытайға барып өнер көрсетеді», дейді Нұрғиса Дәуешов. Мерейтой аясында Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығын түрлендіру және ақын есімімен байланысты тарихи-мәдени мұра объектілеріне ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Бұл жұмыстардың бәрі «Қазреставрация» ұйымына бөлінген қаражат есебінен жасалады. Мысалы, Абайдың Семей қаласындағы музейінің ішкі жөндеу жұмыстарына 30 млн теңге бөлініп отыр.

Абайдың әлемдік әдебиет пен мәдениетке қосқан үлесін кең ілгерілету мақсатында, мерейтой аясында қазақстандық және шетелдік медиада, әлеуметтік желілерде кең тарату үшін ақынның шығармашылығы туралы бірқатар телевизиялық, көркемдік, деректі, ғылыми публицистикалық фильмдердің, телебағдарламалардың, арнайы шығарылымдар мен имидждік жобалардың жүзеге асырылуы қарастырылған.